

ӘОЖ 811.111

АҒЫЛШЫН ФОНЕТИКАСЫ, ФОНЕТИКАНЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕНУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Аманжолова Әлия Қасымқызы

4-курс студенті, «Шет тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламасы,
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші: Шамгонова Раиса Гарифуллиевна, педагогика
ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Бұл мақала тіл үйренудегі фонетиканың маңызын, рөлін, әсіресе ағылшын тіліндегі маңызы мен игеру жолдарын зерттеуге арналған. Фонетика-тілдің дыбыстық жүйесін зерттейтін тіл білімінің маңызды саласы. Және осы сала ретінде тіл үйренудегі бірнеше дағдыларды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Және де мақалада ағылшын тілінің фонетикасы мен оның құрылымы баса зерттелген. Оны меңгерудің әдіс-тәсілдері мен кейінгі пайдасы жіті қарастырылған. Ғалымдардың ой-пікірлеріне арқа сүйей отырып, фонетиканың тіл үйренудегі, әсіресе ағылшын тілін үйренудегі маңызды құрал екенін көрсетеді.

Кілт сөздер: фонетика, фонема, дыбыстар, дыбыстық жүйе, лингвистика, артикуляция, әріп, дауысты, дауыссыз, IPA транскрипциясы, тіл үйрену, айтылым, интонация, сөздік, тіл білім, дұрыс айтылу, екпін, тілдің құрылымы.

Фонетика – лингвистика ғылымының ойып тұрып, орын алар саласы десек те болады. Ол тілдің дыбыстық аспектілерін зерттеп қана қоймай, сөйлеу дыбыстарын физикалық һәм физиологиялық тұрғыдан зерттейді. Әсілінде фонетиканың тіл үйрену жолында маңызы орасан зор. Атақты АҚШ ғалымы Леонард Блумфилд өз сөзінде: «Фонетика- тілдің ең қарапайым әрі ең маңызды бөлігі»-деген еді («Language» кітабы, 1933 ж.). Фонетика тіл білімінің ең қарапайым бөлігі, бірақ оның маңызы мен орны орасан. Ал, фонетиканың ағылшын тілін үйренуде пайдасы қандай?

Адам баласы сөйлеу қасиетіне ие болғаннан бастап тіл құрылымын зерттеп, зерделей бастады. Соның ішінде адамзат баласы дыбыстарға аса көңіл бөлді. Өз кезегінде дыбыстардың арқасында тілдердің эволюциясы басталды. Кейіннен фонетика ғылымының туындауына осы факторлар үлкен септігін тигізді десек те болады. Фонетиканың негізі – ол дыбыс. «Фонетика» сөзінің шығу төркіні болған грек тілінде де осы **дыбыс** («φωνή») деген мағынаны береді. Атақты кеңес ғалымы Л.В.Щерба **дыбыс** ұғымына мынадай анықтама

береді: «Ауызекі сөйлеуде біз ойлағанымыздан да көп дыбыс шығарамыз. Әр тілде әр түрлі дыбыстардың саны сөздер мен олардың формаларына қарай ажырата алатын дыбыстық түрлердің салыстырмалы түрде аз санына біріктіріледі, яғни адамның қарым-қатынас мақсаттарына қызмет етеді. Бұл дыбыстың түрлері жеке сөйлеу дыбыстары туралы әңгімелескен кезде қолданылады. Біз оларды **фонема** деп атаймыз. Ал, **фонемалардың реңдері** – жеке және нақты айтылатын әр түрлі дыбыстардан құралған жалпы фонема». Бүгінгі лингвистикада фонемалардың реңдерін немесе нұсқаларын **аллофондар**(allophones) деп атап жатады. Десек те, адамның сөйлеуі жеке дыбыстардан емес, паузаларға бөлінген, интонациялық ерекшеліктерге ие дыбыс ағымдары. Бұл-адам баласының ойының көрінісі. Сөйлеу барысында дыбыстар өзара әрекеттессе отырып, өзінің дыбыстық сипатын өзгертеді. Бұл құбылыстарды да фонетика зерттейді. Жоғарыда айтқандай фонетиканың тіл үйренуде маңызы зор. Себебі фонетика- тілдің дыбыстық құрылымын дұрыс игеруге үлкен септігін тигізеді. Және де, фонетика жаңадан тіл үйренушіге фонетика келесідей төрт артықшылықтар береді:

1.Сөздер мен сөйлемдерді дұрыс айта алу: жаңадан тіл үйренушіге дыбыстарды дұрыс айта алу һәм меңгеру тілдік қарым-қатынас кезінде түсінбестікке әкелмейді. Фонетика сөздерді дұрыс әрі нақты, түсінікті айтуға жәрдемдеседі десек қателеспейміз

2. Тыңдау мен түсіну: басқа ұлт өкілдерінің сөйлеу мәнерін аңғарып, түсіну үшін олардың фонетикасындағы ерекшеліктерді игеру қажет. Әсіресе сөйлеу қарқыны жылдам немесе түрлі диалектілерде сөйлейтін адамдарды түсінуге қажет.

3.Көптеген грамматикалық ережелерді дұрыс қолдану: фонетиканың грамматикалық құрылымдарды аңғаруға әсері зор. Мысалы, орыс тілінде интонация арқылы сұраулы және хабарлы сөйлемдерді ажырата алу немесе екпіннің мағынаны өзгерту жайттары кездеседі.

4.Өз-өзіне сенімді ету: тілді дұрыс айту жолында меңгерген адам өз-өзіне сенімді түрде сөйлей алады десек қателеспейміз. Яғни, сөз бен сөйлемдердің дұрыс айтылуы- тіл үйренушінің өз-өзіне деген сенімін еселетіп, сөйлеу мен тілдік қарым-қатынасқа түсудегі қорқынышты азайтады.

Міне, фонетиканы үйрену арқасында тіл үйренуші осындай бірнеше қасиеттерге ие болады. Бұнымызды тіл ғалымы Питер Ладефогедтің мына сөзімен қуаттасақ болады: «Фонетиканы түсінудің маңыздылығы-тілді және тіл дыбыстарын ұғыну арқылы олардың әсерін ашуда жатыр» («A course in Phonethics» кітабы, 1975 ж.). Бұл сөзіміз ағылшын фонетикасынан да айналып өтпейді.

Заманында күн батпайтын Британ империясының ықпалынан әлемге таралған ағылшын тілінің бүгінде маңызы еселеп артпаса жоғалған жоқ. Империялық отарлаудан кейін бірден дүниежүзілік жаһандануға ұласа кеткен

ағылшын тілін үйренудің маңызы өте зор. Тіл үйрену жолында ағылшын тілінде де жоғарыда айтқандай фонетиканың рөлі айрықша. Бірақ тіл үйренудегі фонетиканың маңызын қарастырмастан бұрын, әуелі ағылшын фонетикасына анықтама беріп, ашып қарасақ.

Ағылшын фонетикасы-бұл ғасыр бойғы терең тарихы бар ағылшын тілінің дыбыстарының қалыптасуын, жасалуын, айтылу заңдылықтарын зерттейтін тіл білімінің өзекті саласы. Басқа тілдердегідей ағылшын тілінде де дыбыстар **дауысты** және **дауыссыз** болып екі түрге бөлінеді. Бұлар ағылшын фонемасының негізі десе де болады. Ағылшын тілінде бұларды **vowels** (дауысты), **consonants** (дауыссыз) деп атайды. Әсілінде ағылшын әліпбиінде 26 әріп бар. 26 әріп 6 дауысты, 20 дауыссыздан тұрады. Бұл 26 дыбыс фонетикалық жүйеде **44** дыбысты береді. Яки, 6 дауысты әріп, **20 дауысты дыбысты**, ал, 20 дауыссыз әріп, **24 дауыссыз дыбысты** береді. Бұны төмендегі кестелермен көрсетсе болады:

Дауысты дыбыс	
Әріп	Дыбыс
A	[æ]; [ei]; [a:]; [eə]
E	[e]; [i:]; [iə]
I	[i]; [ai]; [a:]; [aiə]
O	[ɔ]; [əu]; [ɔ:]; [ə]
U	[ʌ]; [ə:]; [u:]; [juə]; [ju:]
Y	[i]; [ai]; [aiə]; [j]
[æ]; [ei]; [a:]; [eə]; [e]; [i:]; [iə]; [ai]; [aiə]; [ɔ]; [əu]; [ɔ:]; [ə]; [ʌ]; [ə:]; [u:]; [juə]; [ju:]; [j]	

Дауыссыз дыбыс	
Әріп	Дыбыс
B	[bi:]
C	[ci:]; [k]
D	[di:]
F	[ef]
G	[dʒi:]; [g]
H	[eitʃ]; [h]
J	[dʒei];
K	[kei]
L	[el]
M	[em]
N	[en]
P	[pi:]
Q	[kju:]

R	[a:]
S	[es]; [z]
T	[ti:]
V	[vi:]
W	[ˈdʌblju:]
X	[eks]
Z	[zet]

Бұл жерде дауысты дыбыстардың өзі өз кезегінде **монофтонг, дифтонгоид, дифтонгтар** болып бөлінетіні де бар. Міне, бұлар-ағылшын фонетикасының бастапқы құрылымы. Егер тіл үйренуші бұл фонемаларды дұрыстап үйрене алса һәм игерсе ағылшын тіліне емін-еркін самғай алады.

Жоғарыда берілген кестеден ағылшын тілінде көптеген сөздер жазылуы бойынша емес, айтылуы бойынша ерекшеленетінін көрсек болады. Өзге үнді-еуропа тілдері сияқты ағылшын тілінде де әріптердің дыбыстық құрамы кей жағдайда басқаша оқылып, айтылады. Кестеден көргендей бір ғана әріп бірнеше дыбысты береді. Һәм екпінге қарай өзгеріп жататыны да бар. Егер осыларды тіл үйренуші ескерсе, төмендегідей жағдайларға жетер еді:

1. Ағылшын тілінде дыбыстауды дұрыс үйренеді де сөздердің мағынасын дұрыс түсіндіруге, түсінуге;

2. Есту, тыңдау, естігенді ажырату қабілетін дамытуға һәм жақсартуға;

3. Дұрыс айтуға, яки ағылшын тілінде дыбыстар мен әріптер кей-кейде бірдей, сол қалпы дыбысталмауы бек мүмкін. Мәселен, “ough” қаріптері әр кезде әр түрлі дыбысталуы мүмкін. (Мысалы, “though”, “thought”, “through” сөздерді алсақ болады). Осындай жағдайларда ағылшын фонетикасының көмегімен меңгеруге;

4. Сөйлеу дағдыларын дамытуға, яки ағылшын тілінде һәм табиғи сөйлеуге;

5. Қарым-қатынас жасаудағы тиімділікке, яғни дұрыс екпінді қолданып, интонацияны қою ағылшын тіліндегі қарым-қатынасты тиімдірек етіп, байланыста сенімдірек болуға;

Бұл мысалдар арқылы ағылшын фонетикасының тіл үйренушіге орасан пайдасын көрсеттік десек, фонетиканы қалай тиімді қолдану керек деген сұрақ көкейден өз-өзінен жарып шығатын бар. Ағылшын фонетикасының өзіне тән қолдануы әдістері мен тәсілдері бар. Бұл тәсілдерге көңіл бөлмей ағылшын үйрену мүмкін емес те нәтиже бермесі де анық. Әр жаңа нәрсені үйрену барысында меңгеруге көмектесетін әдіс-тәсілдері бар һәм ол аса қажет. Дәл, осы сияқты, ағылшын тілінде нақты әрі нық сөйлеп, меңгеру үшін ағылшын фонетикасының мына әдіс-тәсілдерін тіл үйренуші алты тәсілге баса назар аударып, қарастыруы керек:

- **Әуелі, ағылшын тіліндегі дауысты һәм дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуға назар салуы қажет.** Яғни, әр дыбыстың шығу кезінде өзіне тән

артикуляциясы бар. Әр дыбысты айтқанда тіл мен еріннің, жақтың бөлек қызметтері де бар. Тіл үйренуші бұларды еркін меңгеруі керек. Бұл үшін арнайы фонетикалық жаттығуларды, дыбыстарды қайталауды һәм ол дыбыстарды аудио немесе бейне сабақтарды тыңдап, қайталау тәсілдерін пайдалануды;

- **Екінші, халық аралық фонетикалық әліпбиді (IPA) меңгеруі;** IPA –әр дыбыстың дұрыс айтылуын көрсетеді. Әсіресе сөздікпен шұғылданғанда IPA транскрипциясын білу, түсіну дыбыстарды дұрыс айтуына көмектеседі. Мәселен, ағылшын тіліндегі “heart” пен “heard” сөздерінің айырмашылығын түсіну үшін IPA транскрипциясы таптырмас құралы болар еді. Бұл қарапайым мысал ғана. Ғалым Кейт Флетчердің пікірінше, IPA транскрипциясы арқылы тіл үйренуші сөздердің фонетикалық құрылымын түсініп, олардың нақты айтылуын дұрыс қабылдай алады. Бұл әсіресе ағылшын тіліндегі ерекше дыбыстар мен екпіндерді игеру кезінде өте пайдалы ;

- **Үшінші, интонация мен екпінге көңіл бөлуі;** интонация- сөйлемдегі эмоциялық реңкті қанық жеткізеді. Ал осы интонацияны дұрыс пайдалану үшін ағылшын тілінде сөз бен сөйлем екпіндерін дұрыс қоя білу керек. Яки, интонацияны толық игеру үшін екпінді дұрыс игеруі керек. Бұны ғалым Джон С.Лейктің көзқарасымен “сөйлеудегі дифференциалды белгі” деп қарастырсақ болады;

- **Төртінші, тыңдау арқылы үйренуі;** ағылшын тіліндегі сөздердің айтылуын жақсы меңгеру үшін тыңдау қабілетін жақсарту керек. Ағылшын тіліндегі аудио кітаптарды, подкаст, фильм, бейнелер хабарларды, жаңалықтарды тыңдау арқылы сөздер мен сөйлемдердің табиғи дыбысталуы мен айтылуын, интонациясын түсінуге болады.

- **Бесінші, жаттығулар және кері байланыс алуы;** фонетика бойынша арнайы жаттығулармен шұғылданып, сөйлеу дағдысын тексеретін адамдармен, мысалы, мұғалімдермен немесе таза сол тілдің өкілдерімен (**native speakers**), сол тілді туған тілі ретінде санайтын адамдармен жұмыстанса болады.

- **Алтыншы, айтылымды қайталауы (шадоунг әдісі);** бұл әдіс аудионы тыңдап, дәл сол уақытта бірге қайталауды қамтиды. Сөздердің айтылуын, екпінін һәм интонациясын қайталай отырып, табиғи қабылдауға және айтылымды жақсартуға болады.

Бұнымен ағылшын тіліндегі фонетиканың рөлін аңғара аламыз. Ал, осы тәсілдерді дұрыс игеріп, меңгерген тіл үйренуші әрқашанда ағылшын тілі мен мәдениетіне, ғылымы мен әлеуметіне еркін түрде қанат жайып самғай алады десек те болады.

Қортындылай келе, фонетика тіл үйренудің маңызды бөлімі, кезеңі, аспектісі. Ағылшын тілін меңгеру жолында фонетиканы көңіл бөліп, жемісін жеу – үлкен нәтиже, екі айналып келмес жетістік. Дыбыстарды дұрыс айту, екпін-интонацияны дұрыс қою тіл үйренушіні ағылшын тілінде еркін сөйлеуге

жетелейтіні анық. Тіл үйренуші фонетиканың маңызын тек тілдің дыбыстық құрылымын түсінумен шектемеуі керек, керісінше ол тілдің мәдени һәм әлеуметтік аспектілеріне де жол ашады. Фонетика тілдің негізі, өзегі, күре тамыры, ал оны толыққанды дұрыс меңгеру тілді толық түсініп, қолдануға, яки жүрегіне жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Шамгонова Р. Г. «Шетел тілі сабағында шетел мәдениетіне оқыту», «Жаһандық өзгерістер жағдайындағы ғылым мен білімнің өзекті мәселелері» атты VIII халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, 2021 жыл, Алматы қ.
2. Насимуллина А.Б., Хасиденова А.А., Талапова Introduction to Phonetics Орал: М.Өтемісов атындағы БҚУ РБО, 2022ж. 7-41бет.
3. Леонард Блумфилд, «Language» кітабы, 1933 ж.
4. Евстифеева М.В. Теоретическая фонетика английского языка Москва: ФЛИНТА, 2019ж.-168бет.
5. Баймуратова И.А. Ағылшын тілінің практикалық фонетикасы (кіріспе курсы) Алматы: Қазақ университеті, 2016ж.-138б.
6. Питер Ладофегед «A course in Phonethics» кітабы, 1975 ж.
7. Леонтьева С.Ф. Теоретическая фонетика современного английского языка Москва: Менеджер, 2011ж.-360бет.
8. Vrabel T.T. Lectures in theoretical phonetics of the English language and Method-guides for seminars – Uzhgorod: Polyprint LLC, 2009.-185 p.
9. Молдасанова А.Ә., Меркібаев Т.А., Утепова Б.Т. Ағылшын тілі фонетикасы бойынша практикум Алматы: Қазақ университеті, 2018ж.- 766бет.

ФОНЕТИКА АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА И ЕЁ ЗНАЧЕНИЕ В ИЗУЧЕНИИ ЯЗЫКА

Аманжолова Алия Касымкызы

Научный руководитель: Шамгонова Раиса Гарифуллиевна

Данная статья посвящена изучению значения и роли фонетики в процессе изучения языка, в особенности английского языка, а также способов её освоения. Фонетика – это важная отрасль лингвистики, изучающая звуковую систему языка. Как область знаний, фонетика играет ключевую роль в формировании ряда языковых навыков. В статье подробно рассматривается структура английской фонетики и её особенности. Также уделено внимание методам и приемам её освоения, а также практической пользе от её изучения.

Опираясь на мнения ученых, статья показывает, что фонетика является важнейшим инструментом в овладении языком, особенно английским.

Ключевые слова: фонетика, фонема, звуки, звуковая система, лингвистика, артикуляция, буква, гласные, согласные, транскрипция IPA, изучение языка, произношение, интонация, словарь, языкознание, правильное произношение, ударение, структура языка.

ENGLISH PHONETICS AND ITS IMPORTANCE IN LANGUAGE LEARNING

Amanzholova Aliya Kasymkyzy

Scientific advisor: Shamgonova Raisa Garifullievna

This article explores the importance and role of phonetics in language learning, with a special focus on English phonetics and methods of mastering it. Phonetics is a vital branch of linguistics that studies the sound system of a language. As a field, it plays a key role in the development of various language skills. The article thoroughly examines the structure of English phonetics and its components. It also considers the methods and techniques for learning it, as well as the benefits of acquiring phonetic skills. Drawing on scholarly opinions, the article demonstrates that phonetics is an essential tool in learning languages, especially English.

Keywords: phonetics, phoneme, sounds, sound system, linguistics, articulation, letter, vowels, consonants, IPA transcription, language learning, pronunciation, intonation, vocabulary, linguistics, correct pronunciation, stress, language structure.

REFERENCES

1. Bloomfield, L. (1933). Language. New York: Henry Holt and Company.
2. Evstifeeva, M. V. (2019). Teoreticheskaya fonetika angliyskogo yazyka [Theoretical Phonetics of the English Language]. Moscow: FLINTA.
3. Ladefoged, P. (1975). A Course in Phonetics. New York: Harcourt Brace Jovanovich.
4. Leontyeva, S. F. (2011). Teoreticheskaya fonetika sovremennogo angliyskogo yazyka [Theoretical Phonetics of Modern English]. Moscow: Manager.
5. Moldasanova, A. A., Merkibayev, T. A., & Utepova, B. T. (2018). Aǵylshyn tili fonetikasy boıynsha praktikum [Phonetics Practicum of the English Language]. Almaty: Qazaq universiteti.

6. Nasimullina, A. B., Khasidenova, A. A., & Talapova. (2022). Introduction to Phonetics. Oral: M. Utemisov WKU Publishing.

7. Shamgonova, R. G. (2021). Shetel tili sabagynda shetel madenietine oqytu [Teaching foreign culture in a foreign language class]. In Zhahandyq ózgerister jaǵdayndaǵy ǵylym men bılımnıń ózektı máseleleri, Proceedings of the VIII International Scientific-Practical Conference. Almaty.

8. Vrabel, T. T. (2009). Lectures in Theoretical Phonetics of the English Language and Method-Guides for Seminars. Uzhgorod: Polyprint LLC.

9. Baimuratova, I. A. (2016). Aǵylshyn tiliniń praktikalıq fonetikasy [Practical Phonetics of the English Language]. Almaty: Qazaq universiteti.